

ӘОЖ 818.992.71

ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ АЛТЫНОРДАЛЫҚ КІТАБИ
ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУЫ
DEVELOPMENT OF LITERATURE BOOK GOLDEN HORDE PERIOD

С. ЕРГӨБЕК*

Түйіндемe

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басында қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым өкілдері кезең әдебиетіне мол жеміс берген, дәстүр қалыптастырған қаламгерлер болды. Олар қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық және көркемдік тұрғыдан байытуға мол үлес қосты. Бүгінгі таңда олардың мұрасын «діни-ағартушылық әдебиет», «қиссалық әдебиет» секілді атап жатады. Өкілдерін «шайыр», «нәзирашыл ақын», «діни ақын» атайды. Мақалада түркітанудағы кітаби әдебиеттің қайнар бастауы алтынордалық әдебиетте жатқандығы сөз болады.

Кілт сөздер: түркі өркениеті, алтынордалық әдебиет, кітаби әдебиет, кітаби ақын, дәстүрлі жазба әдебиеті.

Summary

The representatives of the religious educational tendency of Kazakh literature of the second part of XIX century and beginning of XX century wrote a lot of labor and formed a new tradition. They made their contribution on developing thematic and genre sphere of Kazakh literature. Nowadays we name their heritage as “religious educational literature” and as “Qissaiq literature”. The representatives are called as “shair”, “naziraic bard” or “religious bard”. The article considers the literature of Golden Horde as a cradle of “Kitabic literature” in Turkology.

Key words: Turkish civilization, the literature of Golden Horde, Kitabic literature, kitabic bard, traditional written literature.

Дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері – кітаби ақындар дәуіріне сай өте сауатты, діни, молда ақындар болды. Сондықтан да олардың жырлаған басты тақырыбы дін болды.

Олардың қаламынан Мұхаммет Пайғамбардың өмірі мен пайғамбарлық қызметін арқау еткен «Мұхаммед Пайғамбар», «Қисса анхазірет Расулдың Миғражға қонақ болғаны», «Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Назым Сияр Шәриф» секілді көптеген шығармалар туды. Сол секілді Мұхаммет Пайғамбардан соң халиф болған төрт шарияр: Әбубәкір

* филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.
Candidate of Philological sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan.

Сыддық, Хазірет Омар, Хазірет Оспан, Әзірет Әлілер туралы жырланған көптеген қиссалар да ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өнімді еңбек еткен кітаби шайырлар шығармашылығы арқылы дүниеге келіп ел ішіне көптеп таралып жатты. Әсіресе мұсылман жұрты үшін көп қайрат көрсеткен әрі палуан, әрі батыр, алып күш иесі Әзірет Әлінің ерлігімен қатар терең ақылын, мол білімін танытатын, оның көпірлерге қарсы аттанған ғазуат-жиһад соғыстарын жырлайтын қиссалар өз алдына бір төбе. Олар: «Қисса Салсал», «Әзірет Әлідің соғысы», «Қисса Сейітбаттал», «Дариға қыз», өте көлемді, «Бабалар сөзі» жұзтомдығының тұтастай екі томын қамтыған – «Ғазуат Сұлтан» атты тізбекті (циклды) жырлар қиссасы т.б. Сондай-ақ бүкіл ғұмырын діни қиссалар жырлауға арнаған діни, кітаби қиссапыл ақындар Мұхаммет Пайғамбар мен әзірет Әлі ұрпақтарының өмірі мен дін ислам жолындағы қайраткерлігі мен ерліктерін жырлауға да баса назар аударды. Олар бұл тақырыпта да талай-талай көркем туындылар жаратты. Қиссалар галереясын тудырды. Олардың қатарында «Қисса уақиға Кербала үшбу-дүр», «Мұхаммед Ханафия», «Қисса Мәлікаждар» секілді көптеген шығармаларды атауға болады. Мұхаммет Пайғамбарға серік болып, оған көп қолдау, діни соғыстарда ерлік көрсеткен, шаһид болған сахабалар жөнінде де көптеген қиссалар бар. Сондай шығармалардың көрнекті бір үлгісі ретінде «Әмір Әмзе» қиссасын айтып кетуге болады.

Кітаби ақындар өздерінің нәзіралық туындыларын өздері мектептер мен медреселерде оқулық не хрестоматия ретінде оқып өскен діни мәтіндерден алып жырлағаны анық. Сонымен бірге, түркі, арабы, парсы кітаптарынан да көп шығармаларды қорытып, қайта жырлап отырған. Ғылымда «түркі», «шағатай» аталып жүрген тарихи тілдік тұрғыдан алғанда, бір бірінен аздап айырмашылығы да бар, түрік халықтарының ортағасырдың ескі әдебиеті үлгілерін қайта жырлау, сол дәстүрде тудыру, арап, парсы өлең өлшемдерінде өлең жазу аталған дәуір ақындарының шығармашылық дәстүрі өзіндік ерекшелігі болды. Бұл дәстүрден Семей медресесінде оқыған Абай да тыс тұрмаған. Оның «Шығыс ақындарынша» аталып беріліп жүрген бір шумақ өлең жолы ұлы ақынның кітапханасынан хабар берсе, «Иузи рәушан» аталатын өлең ақынның шығыс ақындарынша жырлауымен қатар, «түркі» әдеби тілінде оқуы мен жазуын қатар танытып отыр. Сол секілді «Әліпби» өлеңінің жазылу үлгісі, өлең өлшемі шығыс поэзиясы өлең өлшемін қолдануын көрсетеді. Ұлы ақын Абайдың

шығыс әдебиетіне ден қойып, «Әзім әңгімесі», «Масғұт» секілді шығармалар жазуы - оның шығармашылығының кітаби қиссашылдық және нәзирагөйлік қыры.

Кітаби ақындар, әсіресе, ортағасырлық ортаазиялық және алтынордалық «шағатай», «түрки» әдебиет материалдарын қайта жырлауға ерекше ден қойды. «нәзира», «нәзирашыл» демектің мәнісі де, мәні де осында. Ескі әдебиет үлгілерін қайта жарату, әрі тілдік, әрі әдеби дәстүр тұрғысында қайта тірілту. Демек, ескі жазба әдебиет дәстүрін жалғастыру. Ғалым А.Қыраубаева: «Нәзира тәсілінің негізгі жанры – қисса. Қиссаның өзіне тән стилі, қалыпты желілері, шарттылықтары болады... Қазақ әдебиетіндегі қисса-дастан жанрының түп-төркіні ХІІІ-ХІV ғасырлардағы түркі әдебиетінен бастау алады» [1, 130], - дейді дәстүр жалғастығы жөнінде. Сондықтан да ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басында ерекше өркендеген қазақ қиссалық әдебиетін дәстүрлі жазба әдебиет және кітаби ақындарды қазақтың дәстүрлі жазба әдебиет өкілдері ретінде тануға болады.

Кітаби ақындар оқып өскен, тәлім алған, кейін қайта жырлаған, рухани үдерісін жалғаған ойшыл ғұлама ақындар мен олардың туындылары қатарында Жүсіп баласағұнның «Құтадғу білік», «Ахмет Жүйнекидің «һибату-л хакайық», Ахмет Ясауидың «Хикметтері», Сүлеймен Бақырғани шығармалары және алтынордалық нәзиралық туындылар Күл Ғалидың «Қисса Жүсібі», Рабғузидің «Қиссау-л-әнбиясы», Хусам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтыптың «Хұсрау уа Шырыны», Сайф Сараидың «Гүлстан би-т-түркіі», Махмуд бин Әли Кердерінің «Нәһжу-л-Фарадисін» (Жұмаққа апаратын жол) атауға болады. Аталған шығармалардың басым бөлігі - діни шығармалар.

Жалпы адамзат баласының өркениет тарихында анық аңғарылатын жәйт – көп елдің жазу мәдениеті, жазба әдебиеті дінге байланысты туындап отырғаны. Үлкен түрколог ғалым Э.Н.Наджиптің «Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литературы» (Түркістан, «Тұран», 2007) атты еңбегінде түрік халықтары тілдері мен түрік тілді әдебиеттердің дүниеге келуі жөнінде мынадай ойлар айтады. Ойын сол дәуірлерде түрік тектес халықтар ұстанған дінге қатысты өрбітеді. Түрік тектес халықтардың жазу мәдениетінің де олар ұстанған түрлі діни ұстанымға байланысты туындап отырғанын аңғартады: «Очень сложный путь прошли в своем развитии и становлении тюркские литературные языки и тюркоязычные литературы. Первыми памятниками тюркской письменности,

письменного языка и литературы енисейско-орхонские намогильные камни с руническими надписами V - VIII веков.

Почти одновременно с руническим письмом у тюркоязычных племен существовало другое, так называемое уйгурское письмо. Первые памятники манихейского содержания, написанные этим письмом, относятся к V в. В дальнейшем появляются рукописи буддийского содержания...

Первые документы и памятники тюркского языка, написанные уйгурским письмом, являются переводами различных священных книг – буддийских, манихейских, христианских» [2, 27].

Осы тұрғыдан алғанда, славян халықтарының да жазу-сызу мәдениеті, ең алдымен, дінге байланысты туындағанын мысал ретінде айта кетуге болады. Дінге, діни қызметке байланысты туындаған жазу, ең бірінші, славяндардың діни кітаби әдебиетін дүниеге әкелді. Жазба әдебиеттің шығуы мен өркен жаюындағы осы ерекшелік жөнінде ғалым А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде атап айтқан болатын [3, 261]. Онда ғалым XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында жазба әдебиеттің өркен жаюын тікелей ислам діні мен дін қызметкерлерінің діни үгіт-насихат жұмыстарымен сабақтастықта қарастырады.

Иә, ортағасырлық славян жазуының, соның нәтижесінде туындаған, өркен жайған жазба әдебиетінің дүниеге келуіне ең алдымен түрік текті мемлекеттік мүдде тұрғысынан ой түйіп, саналы түрде славянданған түріктер – бұлғар жұрты себепкер болғаны анық. Сондықтан да болгар елі мәдениеті мен әдебиеті славян жұртының өркениетінің негізгі қозғаушы күші болғаны көрінеді. Яғни, ұйысып ұлыс болу, өркениетті мемлекет болу дін мен діни мәдениетпен әр кез сабақтастықта болмақ ләзім. «В истории культуры славян болгарская литература занимает особое место. Это первая славянская литература обладавшая богатством жанров, устойчивыми традициями, одаренными творцами и блестящими для Средневековья памятниками. Она возникла почти одиннадцать столетий тому назад и является более древней, чем литературы других славянских народов», - деп ғалым И.Калиганов болгар әдебиетін славян жұрты мәдениеті мен әдебиетінің басына бекітеді. Болгар әдебиетінің шығуы мен өркен жаюына себеп болған басты жағдайлар жөнінде: «Это, прежде всего, наличие сильного государства, которое появилось на Балканах в 681 году как союз славянских племен и пришедших из глубин Азии кочевых тюрков – протоболгар (от них в последствии и стало

называться данное славянское государство Болгарским, а его население – независимо от этнического происхождения – болгарами). Это и удачное географическое местоположение Болгарии, близость ее к Византии – хранительнице античного и римского культурного наследия. Это и введение у болгар в 865 году христианства в его восточном византийском варианте», деп болгар жұртының бүкіл славян жұртына өрнек болған өркениетінің тірегі мемлекет пен діннің бірлігі болғанын атап көрсетеді [4, 3]. Сонымен бірге болгарлардың, славяндар әліппесін жасаушы ұлы ағартушылары Кирилл мен Мефодийдің және олардың шәкірттерінің мәдени дәстүрін жалғап әкетуіне де ерекше мән береді. Осыған дейін болгар хандары Өмірдағ (814-831), Маламир (831-836), Пресиян (836-852), т.б. тарихта өз істерін қалдыру үшін үлкен сарайлар салу, түрлі соғыстардағы жеңістері мен бейбіт келісім шарттарын т.т. жартастар мен бағаналарға грек әріптерімен жаздырып отырғаны түрік жұртының ежелгі сына жазулары дәстүрін көрсетсе, жаңа жазумен болгарлардың христиан дінін қабылдауының басты қолдаушысы болған князь Бористың (852-889) ұлы Владимир – Расете әкесінің орнына таққа отыра сала, әкесіне қарсы көтеріліске шығуы түрік текті бұлғар жұртының тілінен, тәңірлік дінінен ажырағысы келмегенін аңдатады. Сол секілді славяндар да өз ежелгі наным-сенімдерінен ажырай қоймаған. Сол дәуірдегі болгар мемлекетінің нығаюы үшін славян жазуы мен сол тілде жүргізілетін діни қызмет және бір христиан дінінде болу, бір тілді – түрік атаулы, славян тілді елдің қалыптасуы уақыт қажеттілігі.

Славян халықтарының әліппесі мен жазба әдебиеті тарихына қатысты бұл жайлардың сырт қарағанда, салыстырылуы мүмкін еместей көрінетін түрік халықтары, оның ішінде қазақ халқының жазба әдебиетінің даму тарихы мен кітаби ақындар шығармашылығының шығу, даму, қалыптасу жолы мен шығармашылық ерекшелігіне тән ортақ мәселелерінің молдығы аңғарылады. Бірінші, әліппе мәселесі. Славяндар әліппе мәселесіне қатаң қараған. Өз әліппелерінің болуын, сол жазумен діни әдебиет жасау және сол тілде құдайға құлшылық етуді қалады. Соның нәтижесінде дәстүр бойынша «қасиетті тілдер саналған ежелгі жөйіт (иврит), грек және латын тілдерінде ғана рұқсат етілген діни құлшылықты славяндар өз тілдерінде орындауға қол жеткізді. Сол тілде діни әдебиеттерін де жасады. Ал жазу тарихы мыңдаған жылдарға жетелейтін түрік халықтары бүгінгі ғылымда орхон-енисей жазуы, ежелгі ұйғыр жазуы аталатын өз жазбалары бола тұра, араптардың келуі мен елдің ислам дінін қабылдауына орай арап

жазуына ойысып кетті. Құдайға құлшылығын да күні бүгінге дейін сол тілде орындап келеді. Бірақ діни әдебиетті ғылымда «шағатай», «түрки» аталып жүрген өз тілдерінде жасады. Бұған ортағасырларда Орта Азияда жасалған діни әдебиетті және Алтын Ордада дамыған нәзиралық діни әдебиетті жатқызуға болады. Сонымен қатар арап және парсы тілдеріндегі діни әдебиеттерді де мол пайдаланғаны аңғарылады. Қасиетті «Құран» тек арап тілінде оқылады. Ғалым Э.Наджип түрік халықтарының жазу мәдениетінің өте көне ғасырларға жол тартатынын, олардың енисей-орхон жазуларымен қатар көне ұйғыр жазуларын да пайдаланғанын атап көрсетеді. Бірнеше ғасырлардан соң олар арап жазуын да пайдалана бастады... Негізінен ХІ ғасырдан бастап әдеби ескерткіштер арап жазуында жазылды [2, 16], - деп ғалым түрік жұртының да көне төл жазуының болғанын және оны күні кешеге дейін дерліктей қолданып келгенін айтады. Әйтсе де түпкі нәтиже арап жазуына түрік жұртының мұсылман дінді бөлігінің тегіс аууы болды.

Екінші, кітабилық мәселесі. Қазақ әдебиеттану іліміндегі кітаби ақын-жазушы терминдерінің қолданылу жайы және оның славян, нақтырақ айтқанда, болгар әдебиетінің тарихындағы кітабилықпен сәйкестілігі немесе үндестік дәрежесі.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы кітаби ақындар және олардың шығармашылық ерекшелігі жөнінде жазылған еңбектерінде М.Әуезов оларды «кітаби ақын», орысша жазылған еңбектерінде «поэты-книжники» деп береді [5, 470-471]. Ал ғалым Б.Кенжебаев қазақ кітаби ақындары шығармашылығының христиан әлеміндегі «поэты-книжники, церковники» деген ұғымға сәйкес келмейтіндігін айтты. Сөйте тұра, қазақ әдебиетінің тарихындағы «діни кітаби ақын» ұғымына толық сәйкес келетін бірден-бір ақын, Мұхаммет Пайғамбардың өмір жолын арқау еткен атақты «Назым сияр Шәриф» шығармасының авторы Шәді Жәңгірұлын ағартушы ақын ретінде көрсетіп, өзінің ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін сөз еткен еңбегіне енгізді [6, 27]. Кеңес дәуірінде өмір сүрген, шығармашылық еткен ғалым пікірін дәуір тынысымен сабақтастықта сараламақ ләзім. Бұл тақырыпқа барған Ә.Қоңыратбаев, Н.Келімбетов, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаева секілді ғалымдар әр кез ойларын ортаға салды. Дегенмен, тікелей кітаби сөзімен кітаби ақын ұғымын талдауға тереңдеп бара бермеді. Діни, кітаби, нәзиралық шығармаларды терең талдамай-ақ, дәуір әдебиетінің бір ерекшелігі ретінде сипаттап өтсе де, М.Әуезовтің кітаби ақын сөзін қолдануы дұрыс көрінеді. Себебі кітаби

ақынның әр шығармасына дерлік бір кітаби материал өзек боп өріледі. Бұл шығарманың әрі кітабилық, әрі нәзирагөйлік ерекшелігі болса керек. Діни кітаби ақынның алдымен назар аударғаны, әлбетте, діни кітаптар болды. Кітап, кітаби демектің мәнісі осы. Болгар әдебиетінде де кітап, кітабилық мәселесі осы мағынада қолданылады. Тек шығыс әлемі қолданатын «нәзира» терминінің орнына көшіру, жазу, аудару сөздері тікелей сол ұғымда қолданылған. Мысалы, Кирилл мен Мефодийдің кітаби шығармашылығы жөнінде былай сөз етіледі: «...помимо создания первой славянской азбуки, Кириллу и Мефодию следовало переложить с греческого на славянский Евангелие, Апостол, Псалтырь и другие канонические книги Священного писания... Перевод канонических книг Священного писания имел огромное значение для развития славянской культуры, для появления самобытных славянских литератур» [4, 5]. Демек, болгар әдебиетінің тарихшылары күллі христиан әлеміне ортақ діни кітаптарды өздерінің төл, дара әдебиеттерінің бастауы ретінде танып отыр. Славян халықтары әдебиетінің образдық - кейіпкерлері әлемі тұрғысынан да, түрлі жанрлық тұрғысынан да өсуін, өркен жаюын осы діни кітаптармен сабақтастықта қарастырады.

Кітаби ақындар алдымен дін оқуын оқыған молда ақындар болғаны белгілі. Соған орай олардың ең алғашқы тақырыбы да дін болғаны атап өтілді. Әйтсе де, гректің діни әдебиетін славян тіліне аударудан бастаған болгар әдебиеті соның негізінде түрлі тың тақырыптар мен жаңа жанрларға барған үлкен әдебиетке қалай айналса, қазақ жазба әдебиеті де кітаби ақындар шығармашылығы негізінде едәуір өсті, кемелденді деуге болады. Демек, қазақ кітаби ақындары діни шығармалармен қатар түрлі тақырыпта, түрлі жанрда шығармашылық етті. Басты жанры – қисса болды.

«При Симеоне (болгар билеушілері өздерін хан атаған. Кейін князь болды. Ал Симеон өзін патша деп жариялаған бірінші билеуші) расцвели славянская письменность и книжность. Три десятилетие его правления вошли в историю славянской культуры как «золотой век» болгарской литературы. ...Содействовал созданию книжных центров, побуждал книжников делать новые переводы с греческого», - деп Симеон патша дәуірінде діни кітаптарды аудару арқылы болгар әдебиетінің көп өскенін көрсетеді. «Летописный жанр в болгарской литературе складывался главным образом на основе переводных хроник византийских авторов, причем имена большинства переводчиков в соответствии со средневековой традицией анонимности»

до нас не дошли», - деген жолдар да көптеген кітаби ақындардың нәзіралық шығармаларына өздерінің есімдерін енгізбей жырлап отыру дәстүрімен толық сай келіп тұр. Сол секілді жоғарыда сөз етілген шығыс поэзиясы стиліндегі Абай өлеңі «Әліпби» үлгісінің де болгар әдебиетінде кездесуі қызық құбылыс болып көрінеді. «Видимо, для быстрого усвоения славянской азбуки Константин Преславский создает знаменитую «Азбучную молитву» - стихотворное произведение, написанное в виде акростиха. Каждый новый стих начинается буквами, следующими в алфавитном порядке» [4, 10], - деген жолдар шығыс әдебиеті үлгілерінің христиан әлемі әдебиетіне де сыналап өткенін көрсететіндей.

Осы жайттардан болгарлардың күшті мемлекет жасау үшін елдің бірлігін, ел бірлігі үшін дін бірлігін, тіл бірлігін, дін мен тіл бірлігі үшін әліппе – жазу бірлігін қалағаны аңғарылады. Бұл - әлемдегі ұлттар мен ұлыстар тарихында қайталанып отыратын жағдай. Саяси күрес-тартыстар әлемінде жеңіп шығып, күшті мемлекет жасау үшін мемлекеттер тарапынан жүргізіліп отырғаны көрінеді. Түрік халықтарының мұсылман бөлігі де мықты мемлекет жасау үшін діни әдебиетті, дидактикалық әдебиетті дамытуға тырысты. Мықты мемлекет үшін арап жазулы болса да, сол арқылы дін бірлігін, тіл, діл бірлігін қалады. Ғалым Э.Наджи: «Джетысу, которая является первой территорией, где был создан первый крупный тюркоязычный литературный памятник в прямом смысле этого слова «Кудатгу билиг» и первый полный «Тюрко-арабский словарь» Махмуда аль-Кашкари» [2, 17], – деп өте жоғары бағалаған еңбектердің де мықты мемлекет жасау мүддесімен сабақтасып жатқанын атап көрсетеді. «Глава государства носил титул Бограхан... В 955-956 годах глава государства Сатук Бограхан принял ислам. За ним приняли ислам все прибывшие к ним. Таким образом, в середине десятого века. Чуйская долина вся была исламизирована. ... вот для этого, недавно принявшего ислам населения и было написано поэтом Юсуфом дидактическое произведение «Кудатгу билиг», содержащее исламскую дидактику», - деп Қарахан мемлекетінің дамуын түрік жазба тілі мен әдебиетінің дамуымен байланыста береді [2, 21]. Жазу бірлігі тіл бірлігімен қатар дін бірлігіне негіз болып, діни әдебиеттің дамуына, діни әдебиет әрқашан ел бірлігін діни ұстаным, таныммен байланыста қалыптастыруға қызмет етеді. Бір діни ұстаным, яғни елдің таным бірлігі мемлекеттің нығаюына алып келер бірден бір жол болса керек. Демек, мемлекет құрамындағы елдің рухани бірлігі - «ел іргесін

сақтайтын» қазығы. Жүсіп Баласағұн еңбегінің басты нысанасы мықты түрік мемлекетінің болуы және оған шығармашылық кемеңгерлікпен қызмет ету. Бір орталыққа бағынған мемлекет пен ұйысқан елдің, әрбір жеке азаматтың өмірлік мұраты, ұстанымы не болмақ... Соны әрі дидактикалық, әрі фөлсафалық тұрғыда ортаға салады. Ғалым А.Қыраубаева: «Баласағұни қоғамды әр адамның өз орнында жетік болуын, кемелдікке ұмтылуын жырлайды. Кемел билеуші, кемел уәзір, кемел Хас Хажыб, кемел әскербасы – кемел мемлекет жасау идеясын жырлады», - деп атап көрсетеді [7, 98]. Сондықтан да еңбек авторы, ұлы ойшыл Жүсіп Баласағұн Күнтуды (Әділ), Айтолды (Дәулет), Өгдүлміш (Ақыл), Одғұрмыш (Қанағат) арасындағы сұхбатқа құрылған [8, 30].

Кітаптың негізгі тарауларының алдына мұсылман әлемі дәстүрімен Алпа Тағаланы ұлықтауға және оның елшісі Мұхаммет Пайғамбар мен оның төрт шариярын, Ұлы билеуші Табғаш ұлық Бұғра Қарахан абд Әли Хасан бин Арыслан ханға арналған мадақ жырларын қояды. Сол себепті де «Бұл кітапты шығыс патшалары көшіріп алдырып оқитын болған... Кітапқа әр елде әр түрлі ат берген: Ирандықтар Фирдоусидің «Шахнамасымен» қатар қойып, «Шаһнамаи түркі» (Түркі Шаһнамасы) деген. Енді біреулері «Пәндалман мүлік» (Падишаларға насихат), «Шын елі» (Қытай), «Әдәбүл мүлік» (Падишалардың әдебі) деп атаған» [7, 98].

Алтын Орда мемлекетінің ислам дінін мемлекеттік дін ретінде жариялауы, ел мен билік иелерінің мұсылман дінін қабылдауы XIII ғасырдың екінші жартысында Берке хан тұсында белең алғаны тарихтан мәлім. Оның ислам дінін мемлекеттік дін ретінде тануы, әлбетте, қол астындағы түрік тайпаларынан үлкен ел жасау мүддесінен туындағаны күмәнсіз. Берке хан ислам дінін қабылдаған соң Алтын Орданың басты қалалары болған Сарай бату мен Сарай Беркеге жер-жерден, Үргеніш пен Бұқардан, мұсылман әлемінің түкпір-түкпірінен ғалымдар мен ақын-жазушылар, түрлі өнер иелері көптеп келіп орныға бастады. Яғни ислам өркениеті қанат жая бастады. Өзбек хан тұсында елдің мұсылмандануы мен зиялы қауымның Алтын Орда жеріне өтуі тіпті күшейді. Демек, мұсылмандық түркі өркениеті орнықты, өсті. Мемлекет астанасы Сарай Берке Өзбек (1312-1340), оның ұлы Жәнібек (1342-1357) кезінде өте қатты өсіп өркендеді. Алтын Орда атты ұлы мемлекетте өркендеген түркі өркениетінің бір көрінісі сөз өнерінің дамуы болды. Мұнда Ахмет Ясауи «Хикметтері» мен «Рабғузи қиссалары» кең тарайды. «Құтадғу біліктің» де кең қолданыста

болғаны аңғарылады. Құтыптың кітаби нәзиралық дәстүрде жырлаған шығармасы «Хұсрау мен Шырын», Қоңырат Хорезмидің «Мухаббат-намасы» осы кезде жазылады. Алтын Орда жерінде «Рабғузи қиссаларынан» кейін көп тараған еңбек Махмуд бин Әли ас-Сараи ... әл-Кердерінің еңбегі «Нахжу-л-Фарадис» еді. «Қиссасу-л-Әнбияда» дүниенің жаратылысынан, Адам Ата, Хауа Ана оқиғаларынан бастап Мұхаммет Пайғамбарға дейін және оның немерелері Хасан, Хүсейін оқиғаларына дейін баяндалса, «Нахжу-л-Фарадис» өзінің мазмұны жағынан сира жанры табиғатындағы туынды екенін көрсетеді (Сирату-н-Нәби-Пайғамбар өмір жолы). Мың беттік дерлік көлемді еңбектің алғашқы жартысы тұтастай Мұхаммет Пайғамбардың өмір жолына арналған. Екінші жартысында Пайғамбардың төрт шарияры мен оның қызы Бибі Фатима, немерелері Хасан, Хүсейін, төрт шейх – төрт мазхаб иелері Әбу Ханифа, Имам Шафиғ, Имам Мәлік, Имам Ахмад Ханбал туралы жазылады. Содан соң барып түрлі діни наным-сенімдер мен ұстанымдар сөз болады. «Мухаббат-нама» Алтын Орда ханы Жәнібек тұсында жазылса, «Нахжу-л-Фарадис» оның ұлы Бердібек тұсында жазылады. Сол секілді осы кезде «Қисса Жүсіп», «Жұмжұма», «Гүлістан» секілді көптеген діни, діни әдеби, кітаби, нәзиралық шығармалар дүниеге келеді. Әзірге ғылымға белгілі шығармалар осылар. Әйтсе де, ғылымы мен мәдениеті, әдебиеті өркендеген Алтын Орда дәуірінде жазылған еңбектердің молдығына дау жоқ. Олардың табылуы мен жариялануы алдағы уақыт еншісіндегі мәселе. Ғалым Э.Наджи Алтын Орда жерінде болған арап, парсы тарихшыларына сүйене отырып, арап, парсы, түркі тілдерінде бірдей шығармашылық еткен, ғылымның түрлі салаларымен айналысқан ғалымдар мен ақындар, жазушылардың көп болғанын, «... основой культурных и научных связей между Нилом и Волгой был высокий уровень творческой мысли в Сарае» [2, 160], - деп Алтын Орда мемлекетінде өркендеген түркі өркениетінің ғажап үлгісі болғанын айтады. Әйтсе де, бұл түркі өркениетінің ғұмыры ұзақ болмағанын, түрлі тарихи күрделі оқиғалар кезінде ірі ғалымдар мен ақын-жазушылардың елді тастап Османлы жеріне, онан әрі Шам, Мысыр асқанын, сөйтіп, әсіресе, Мәмлүктік Мысырда ХІҮ ғасыр соңына қарай түркі тілді әдебиеттің дамығанын, ХҮ ғасырда өмір сүрген арап тарихшылары Рамзи мен әл-Айнидің сол дәуірде Шам, Мысыр жерлерінде шығармашылық еткен көптеген қыпшақ ғалымдары мен ақындарын атап көрсеткенін сөз етеді [2,161].

Діни, әдеби шығармалар нәзіралық дәстүрде, кітаби үлгіде қайта жазылып, соның негізінде өзге шығармалардың, төл туындылардың біртіндеп пайда болуы Алтын Орда жерінде кітабилық, кітаби әдебиеттің өркендеуін көрсетеді. Оның негізін діни, кітаби ақын, жазушының қалауы анық. Шығатын қорытынды: ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы кітаби ақындар шығармашылығының қайнар бастауы – Алтын Орда өркениеті мен ондағы кітаби, діни әдебиет және дәстүр мен стиль. Алтын Орда діни, кітаби нәзіралық әдебиеті мықты, өркениетті мемлекет жасау мүддесінен туса, кейінгі кітаби әдебиет тікелей орыс отарлығына қарсы ниеттен, елдің тұтастығын, діні мен ділін, тілін сақтау мүддесінен туған еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыраубайқызы А. *Ежелгі әдебиет*. Астана: «Елорда», 2001. -224 б.
2. Наджип Э.Н. *Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур*. Түркістан, «Тұран», 2007.
3. Байтұрсынов А. *Шығармалары*. Алматы, 1989.
4. Калиганов И. *Тысячелетние традиции болгарской литературы*. В кн. Родник златоструйный: Памятники болгарской литературы IX-XVIII вв. –Москва: «Художественная литература», 1990, -527 с.
5. Әуезов М. *Әр жылдар ойлары*. Ауезов М. *Мысли разных лет*. Алматы, 1959.
6. Кенжебаев Б. *XX ғасыр басындағы әдебиет*. Алматы, 1993.
7. Қыраубайқызы А. *Ежелгі әдебиет*. Астана: «Елорда», 2001.
8. Егеубаев А. Кітапта: Жүсіп Баласағұн. *Құтты білік*. Алматы: «Жазушы», 1986.